

**Мектепке дейінгі білім берумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған
консультациялық пункттің жұмыс жоспары**

Тақырыбы	Мазмұны	Жұмыс формалары	Жауаптылар	Мерзімдер
«Баланың денсаулығы біздің қолымызда»	Салауатты өмір салты дегеніміз не. Күн режимінің мәні, қатаю. Баланың денесінің қозғалыс қажеттілігі. Дұрыс тамақтану құпиялары	Консультациялар, ұсынымдар, практикалық сабақтар, мастер-класстар	Мейірбике	Қыркүйек
«Отбасындағы және МДҰ жастағы балалардың қауіпсіздігі»	Қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі ережелері. Мектеп жасына дейінгі баланың қауіпсіздігін қалай тиімді қамтамасыз етуге болады. Мектеп жасына дейінгі баланың қауіпсіздігіне кім жауап береді	Өңгімелесу, ұсыныстар, практикалық сабақтар	Тәрбиеші	Қазан
«Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған білім беру ойындарының рөлі»	Ойынды қалай ұйымдастыруға болады. Отбасындағы бірлескен ойын. Оқу ойындарының түрлері	Өңгімелесу, ұсыныстар, практикалық сабақтар, мастер-класстар	Тәрбиеші	Қараша
«ЕБҚ бар баланы алып жүру ерекшеліктері»	ЕБҚ бар бала. ДМШ бар балаларды қолдау аясында мамандардың өзара әрекеті. МДҰ және үйдегі даму ортасы	Дәріс, ұсыныстар, практикалық сабақтар	Оқытушы- логопед	Желтоқсан
«Отбасылық бақыт әліпшесі»	Естілмейтін бала. Қорқыныш та балалық шақтың қадамдары. Кішкентай забияки. Мен қандай анамын	Консультация, ата- аналарға арналған ұсыныстар, практикалық тренинг	Тәрбиеші	Қаңтар
«Үйдегі баланың қозғалыс белсенділігі»	Баланың қозғалыс саласының ерекшеліктері Балалар мен ата-аналарға арналған үй ойын орны.	Дәріс, ұсыныстар, практикалық сабақтар	Тәрбиеші	Ақпан

	Бала өміріндегі би кимылдары			
«Балалармен демалыс»	Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысының ықтимал нысандары	Консультация Ата-аналарға арналған ұсыныстар Балалар мен ата-аналардың практикалық қызметі	Тәрбиеші	Наурыз
«Бала өміріндегі ертегінің рөлі»	Баланың ақыл-ой дамуындағы танымдық ертегілердің рөлі. Ертегі терапия. Артикуляциялық ертегілер-үйдегі логопед	Дәріс Пікірталас Ата-аналарға арналған ұсыныстар	Тәрбиеші	Сәуір
«Ерте жастағы балаларды МДБ жағдайларына бейімдеу»	Бейімделу кезеңіндегі күн режимі. Баланы мектепке дейін бейімдеу кезінде ата-аналарға қалай әрекет ету керек. Бейімделу сипаты неге байланысты	Консультация Ата-аналарға арналған ұсыныстар Практикалық ұсыныстар	Тәрбиеші	Мамыр

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім
бөлімінің №2 «Айсұлу» бөбекжай -бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорыны**

«Үйдегі баланың қозғалыс белсенділігі»

(консультациялық пункт)

Тәрбиеші:Төлбаева А.

Тараз

Балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру.

Қозғалыс белсенділігін арттыру кезіндегі қимылды ойындардың маңыздылығы.

«Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болар ма?»

Абай Құнанбаев

Балалардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда әр баланың психологиялық және физиологиялық дамуын ескере отырып жұмыс жасаймын. Ненің жақсы, ненің жаман екенін ойын үстінде ауызекі сөйлесу барысында түсінеді. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Күнделікті өмірдегі қиындықтың бірі күтпеген жағдайлардағы адамның өзін ұстай білмеуі болып табылады. Әдеттен тыс жағдайға тап келген адамның дұрыс шешім жасай алмауы жиі кездеседі.

Осындай жағдайларды яғни, сюжеттік-рөлдік ойындарды сахнада ойнап көрсету балалардың бойындағы жағдайды ойластыру және одан шығудың жолын табу қабілетін дамыту әдісі болып табылады. Бұдан басқа, осыған ұқсас ойындарда бала басқалармен өзара әрекет жасай білуге, өзінің әрекеттерін басқалармен ақылдаса отырып шешуге үйренеді. Ойын кезінде жеке тұлғаның өзін-өзі басқару қабілеті жетіліп қалыптасады. Ортаңғы топтағы сабақтың өн бойы ойын әрекеттерін ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Себебі, 4 – 5 жасар бала сабақ оқығаннан гөрі ойын ойнағанды қалайды, зейіні тұрақсыз, бір іспен ұзақ уақыт шұғылдана алмайды. Бала ойынмен өседі. Ойында баланың қарым – қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өседі, мінез – құлық қалыптасады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық, мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік сезімтал тұлға болмақ.

В.А.Сухомлинский «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы жоқ және олай болуы мүмкін емес. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеттес, ол арқылы баланың рухани байлығы жасампаз өмірмен ұштасып айналадағы дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын, білуге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» деген.

Ойын барысында балалар өздері де байқамай әртүрлі жаттығуларды орындай бастайды. Ойын баланы іздену жолына бағыттайды, жеңіске деген қызығушылығын оятады, ал осыдан шыға келе олар жылдам, жинақы, шапшаң, тапқыр болуға, ойын шартын сақтап отырып тапсырмаларды нақты орындауға тырысады.

Ойындарда, әсіресе топтық ойындарда жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттері, жауапкершілік сезімдері қалыптасады, тәртіп, күш жігер, мінез – құлық тәрбиеленеді. Көрнекіліктердің әдістері, сұрақтың қызық та, тиімді түрлері, жұмбақтар, әзіл есептер, ахуал жағдайлары, сайыстар балалардың белсенді ойлау әрекетін дамытуға көмектеседі. Ойын барысында баланың ойы үнемі дамып, жетіліп отырады, ұшқырлана түседі.

Ортаңғы топ балаларының білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану және оларды оқу үрдісінде үздіксіз дамытып отыру оқу іс-әрекет барысында алған білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін өзімнің оқу іс-әрекеті, мерекелік ертеңгіліктер, серуенге шыққанда қимылды ойын элементтерін көп пайдаланамын. Кей бала ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей бала ішкі сезімін білдіреді.

Мағжан Жұмабаев: «Ойын – баланың өз ісі. Баланың ойынына кірісуші болма. Баланы бір нәрсе бүлдірмес үшін тек шеттен бақыла». Ойын тек әрекет емес, балалардың да, үлкендердің де қызығушылық ермегі адамды рахат пен қанағат сезіміне бөлейтін іс-әрекет. Бала тұрмақ, үлкен адамдар да әлі күнге дейін ойнайды, әрине ойынның түрлері де, мазмұны да сан алуан. Оның өзгеріп отыруы балалардың жас және дара ерекшеліктеріне байланысты. Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын - сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығын жақсартуда пайдасы аса күшті. Ұлттық ойындар – ата-бабаларымыздан келе жатқан біздің байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді. Міне, қимылды ойын дегеніміз - тынысын кең алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялмен қанат беретін осындай ғажап нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Ұлттық ойындардың менің тобымдағы балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек - Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. қимылды ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады. Яғни, таңертеңгі қабылдау кезінен кешке баланың үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлері мен біртұтас сабақтас жүргізіледі. Сондықтан да, бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ырғақты қимыл –қозғалыс ойындары өткізіледі. Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге - құрмет, кішіге – қамқор болуға баулып адамдық қасиеттерді қалыптастыру. Бір ғажабы қимылды ойындар балалардың жан сұлулығын, тән сұлулығын жан-жақты жетілдіруге, белсенді болуға бағытталған. Ойынды ойнау барысында балалардың жас ерекшелігі ескеріледі. Оқу іс-әрекеттерінде бағдарламаның мазмұнына қарай сергіту жаттығулары ретінде қолдануға болады. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын – баланың, бүкіл балалар тобының ұйымшылдығының

дамуында басты рөл атқарады. Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз. Балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Яғни, қазіргі заман ағымына қарай белсене қатысады. Аса көрнекті үздік педагог Н.К.Крупская қимылды ойын жөнінде былай деп айтқан: «Ойын – өсіп келе жатқан бала организмнің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шындала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шындалады». Мысалы: сюжеттік, рөлдік, қимыл – қозғалыс, драматизациялық, музыкалық, дидактикалық, құрастыру, ұлттық, спорттық, дамытушы ойындардың түрлері бар. Әрқайсысының өзіндік мәні, ерекшеліктері, мазмұны, ережелері, тәртібі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық функциялары бар. Дидактикалық ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістер дамиды. Мұндай ойындарда балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі дамып қалыптасады, кеңістік, уақытты бағдарлауға үйренеді, тәртіптілік, ойын ережесіне бағына білу сияқты адамгершілік сапаларын қалыптастырады.

Қимыл – қозғалыс ойындарына да ерекше мән беріп отырамын. Өйткені біздің тобымыз ортаңғы топ болғандықтан оқу іс-әрекеті үстінде, мерекелік іс шаралар, спорттық ойындар болса да денсаулықты нығайту үшін үнемі қимылды ойындар, сергіту сәттері міндетті түрде өткізіледі. Қимыл ойындардың айрықша бағалылығы балалардың жалпы қимылының жетіле түсетіндігінде. Мұндай жағдайда балалардың түрлі топтағы бұлшық еттері жетіледі. Қимыл ойындардың бәрі балалардың қимылының жеңіл де әсем және батыл да сенімді болуына бағытталған.

3-4 жастағы балалардың ішінде аса қимыл қозғалысы төмен балалар болмайды. Өйткені ғалымдардың дәлелдеуіне сүйенсек осы жастағы балалар қимылы шапшаң. Ол олардың тез дамуына мол әсерін тигізеді.

Қимыл-қозғалыс арттыру мақсатында ертеңгілік жаттығулардың әсері балалар үшін аса үлкен мүмкіндік береді. Ертеңгілік жаттығулар бала бойының өсуіне, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына бағытталған.

Дене шынықтыру кезіндегі тақырыпқа байланысты ойнатылатын ойындар, сонымен қатар серуен кезіндегі қимылды дамытатын жаттығу түрлерінің баланың дене бітімінің дамуына берері мол.

Мен бұл сала бойынша мектепке дейінгі білім беру стандарты негізінде «Таным» саласын таңдап, «Кім күшті?!» қазақ халық ертегісі желісімен қозғалыс белсенділігін арттыратын ойындар түрлерін, сонымен бірге ертегі желісі бойынша жасалған ойындарды көрсетіп, балалар қызығушылығын арттыруда түрлі жұмыстар жүргізіп, күнделікті оқу іс-әрекетінде қолдандым. Сонымен қатар, «Жыл басына таласқан хайуанаттар», «Ақ қайыңның шырыны неге тәтті?!», «Наурыз», «Жолда жүру ережесі», «Бұл қай кезде болады?» тағы да басқа ертегі – ойындарды

күнделікті түрлі сабақтарымда пайдаланып балалардың қозғалыс белсенділіктерін арттырдым. Балабақша бүлдіршіндерінің ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытып, жетілдіру кезінде қазіргі заман талабына сай «Сиқырлы қаламды» оқу іс-әрекетінде пайдаланып келемін. Осының нәтижесінде баланың қозғалыс белсенділігі артып, ойын арқылы ақыл-ой өрісі дамып, қоршаған ортаға деген қызығушылығы оянып, жан-жақты білімді, алғыр болып тәрбиеленуде.

Ал қазақ халық педагогикасында саусақ ойыны ұрпақтан – ұрпаққа қалған мәдени шығармашылық болып табылады. Қазақ халқы саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысын, қабілетін дамытып, ынтасын арттыратынын білген. Саусақ ойынын ойнап отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан – жануарларды, құстарды, ағаштарды бейнелей алады.

Баланың ойлау және сөйлеу қабілетінің дамуы саусақтарының ұсақ бұлшық еттерімен, қолдарының қимыл үйлесімділігімен тығыз байланысты екенін ескерген жөн. Сондықтан да баланы жан – жақты дамыту яғни тілін, танымдылық қабілеттерін, саусақ бұлшық еттерін дамытуда құм терапиясын қолдану өте тиімді, қызықты, әрі тартымды болады. Сондықтан да жаз мезгілдерінде баланың құммен ойнағанда саусақ бұлшықеттері дамиды. Яғни, бала ұстап сезу, тері арқылы «тегіс - үшкір», «кұрғақ – дымқыл», «жылы – суық», «қатты – жұмсақ» тағы басқаларын сезеді. Оларды орындай отырып бөбек қолдарының қимыл үйлесімділігі мен саусақтарының ұсақ бұлшық еттерін дамытып қана қоймайды, сонымен бірге ерікті зейінін, есте сақтау, көру және ойлау қабілеттерін дамытады және өз әрекетін бақылауды үйреніп, алдына қойылған міндеттерді орындау барысында тапжылмай жұмыс істеуге дағдыланады, ынтасы, талабы артады. Қоршаған орта құбылыстары, заттар туралы түсінігі тереңдеп, өз қабілетінің мүмкіндігін сезінеді. Қимылды ойындарды әрбір сабақта түрлендіріп қолдануға болады, көрнекіліктер тартымды болса балалар қызыға қатысады. Оқу процесін ширатады, баланың оқуға деген ынтасын арттырады, сабақ қызықты өтеді. Сонымен қатар қимылды ойындарды (ұлттық ойындарды) оқу іс-әрекеті барысында, серуенге шыққанда мерекелік ертеңгіліктерде, күннің екінші жартысында үнемі ойнатамын.

Қорытындылай келе, балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру жолында жасалған белсенді іс – әрекетін, оларды дамытудағы ойындар, жаттығулар, қимыл қозғалыс ойындары, ұлттық ойындар, еркін ойындар, танымдық тапсырмалар балалардың бастамашылығын, байқампаздығын, белсенділігін, даралығын, дарындылығын, қабілетін, шығармашылығын дамыта отырып, бала бойына құзырлылықтарының қалыптасуында: мейірімділік, инабаттылық, сұлулық, жақсылық, еркіндікке дағдыларын таба білу болып табылады. Балаларды бір – бірімен, үлкендермен жақсы қарым – қатынаста, ұйымдаса ойнауға, өзгенің пікірімен санасуға, тәртіпті болуға, жеке өз бетінше әрекет етуге, емін-еркін демалуға тәрбиелейміз.. Белсенділікті қалыптастыру үшін уақытты да, күшіңізді де аямаймыз. Бүгінгі белсенді бала – ертеңгі қоғамның белсенді мүшесі.